

# К 188Е

Extra

**ПВХ, каучук және басқа жабындарға арналған түйіспелік су-дисперсиялық желім**

## ҚАСИЕТТЕРІ

- жоғары жабысулығы бар;
- жабындарды сіңірмейтін негіздерге және қабырғаларға төсеген кезде тиімді;
- пластификаторлардың ескі ПВХ жабыннан жаңасына көшуіне кедергі жасайды;
- аунақшадағы орындықтардан түсетін жүктемеге шыдайды;
- жылытуы бар едендерде қолданыла алады;
- тасымалдау және сақтау кезінде желімнің қысқа мерзімді мұдап қатуына жол беріледі;
- құрамында органикалық еріткіштер жоқ;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.

## ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

К 188Е желімі тұрғын және қоғамдық орынжайларда:

- орамдағы және тақташадағы (оның ішінде кварц-винил тақташаларды) гетерогендік және гомогендік ПВХ жабындарды;
- хлорвинил (ХВ) жабындарды;
- ПВХ-дан жасалған төсеніші бар тоқыма жабындарды, көбіктелген латексті немесе полиуретанды;
- орамдағы және тақташадағы қалыңдығы 2,5 мм дейін каучук жабындарды;
- ПВХ-дан тұратын төсеніші бар тоз жабындарды төсеуге арналған.

К 188Е едендік жабындарды сіңірмейтін негіздерге: тақташа қаптауыштарға, ескі ПВХ жабындарға және т.б. төсеу кезінде тиімді. Едендік жабындардың басқа түрлерін төсеу үшін Ceresit желімдерінің басқа маркаларын қолдану ұсынылады.

## НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚНЖЕ 2.03.13-88 және ҚНЖЕ 3.04.01-87 талаптарына сәйкес болуға тиіс. Негіз жеткілікті берік, тегіс, жылтыр, ластанулардан және оған желімнің жабысқақтығын төмендететін заттардан (мастикалардан, желімдерден, майлардан, шаңнан және т.б.) тазартылған болуға тиіс. Негізде ақаулар (жарықтар, ойдымдар және т.б.) болмауға тиіс.

Негіздің ылғалдылығы:

- бетон негіздері үшін - 3% СМ;
- цемент-құм тұтастырғыштар үшін - 2% СМ;
- ангидрит тұтастырғыштар үшін - 0,5% СМ аспауға тиіс.

Дөрекі кедір-бұдыр беті бар негіздерді алдын ала нивелирлеу қоспасымен ажарлау немесе тегістеу қажет.

Негіздерді тегістеу үшін Ceresit CN 69 нивелирлеу қоспасын пайдалану ұсынылады. Тегістеуіш қабатты желімді пайдаланар алдында астарлау ұсынылмайды.

Бетон, цемент-құм немесе ангидрит тұтастырғыштарды жабындарды желімдеу алдында СТ 17 астарымен өңдеу ұсынылады.

# Ceresit

**ПВХ жабындарға арналған желім**



## ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

К 188Е желімін зауыттық ыдыста жақсылап араластыру керек те негізге тісті қалақшаның көмегімен жағу керек.

Жылытуы бар тұтастырғыштарда жабындарды еденнің бүкіл ауданы бойынша желімдеу қажет.

### Ылғалды желім қабатына жабыстыру

Жабындарды сіңіргіш (мысалы, цемент) негіздерге төсеген кезде пайдаланылады.

Желімді негізге А2 немесе А3 тісті қалақшаның көмегімен жағады (теріс жағы бедерлі немесе кеуекті жабындар жағдайында - А3 тісті қалақшасы көмегімен).

Жабынды төсеуге желімді жаққаннан кейін 10-20 минут өткенде кіреседі (желім тигеннен кейін саусақтарда қалуға тиіс). Жағылған желім 60 минуттан ұзақ ашық болып қалмауға тиіс.

Жабынды негізге тығыз қысады және тығын тақтамен ысқылайды.

### Құрғақ желімді қабатқа желімдеу (адгезиялық)

Жабындарды (каучук және полилефиннен басқа) сіңірмейтін негіздерге төсеген кезде пайдаланылады.

Желімді негізге А2 немесе А3 тісті қалақшасы көмегімен жағады.

Жабынды төсеуге желімді жаққаннан кейін 30-60 минут өткенде кіреседі (желім тигеннен кейін саусақтарда қалмауға тиіс). Негізге жағылған желім 120 минуттан ұзақ ашық болып қалмауға тиіс.

Жабынды негізге тығыз қысады, тығын тақтамен ысқылайды және ауыр қысқыш білікшелермен домалатады.

### Түйіспелі желімдеу

Каучук немесе полиолефин жабындарды төсеген кезде, сондай-ақ жабындарды тік беттерде (сатылар немесе қабырғалар) бекіткен кезде пайдаланылады.

Желімді екі желімдейтін бетке жағады (жабынның теріс жағына А4 тісті қалақшасымен, ал негізге - А5 тісті қалақшасымен).

Жұқа ХВ және тоқыма жабындарды бекіткен кезде тесіктері ірі поролон білікшені пайдаланады.



Кәсіпқойларға арналған сапа

Жабынды төсеуге желімді жаққаннан кейін 30-60 минут өткенде кіріседі (желім тигеннен кейін саусақтарда қалмауға тиіс). Жағылған желім 120 минуттан ұзақ ашық болып қалмауға тиіс. Каучук жабындарды төсеу кезінде технологиялықты арттыру үшін "қайта желімдеу" әдісін пайдалану ұсынылады. Жабынды ылғалды желімді қабатқа төсейді, сосын негізден бөліп алады және 30-60 минуттан кейін (желім тигеннен кейін саусақтарда қалмауға тиіс) қайтадан төсейді, тығын тақтамен ысқылайды және ауыр қысқыш білікшелермен домалатады. Тігістерді дәнекерлеуді жабынды төсегеннен кейін кем дегенде 24 сағат өткенде жүргізуге болады.

Жаңа жағылған желім сумен оңай жуылады, кепкенді - тек механикалық әдіспен кетіруге болады.

## ҰСЫНЫСТАР

Жабындарды К 188Е желімі көмегімен төсеуді ауа және негіздің температурасы +15 - +30°C болған кезде және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 75% аспаған кезде орындау керек. Жоғары берілген барлық ұсынымдар +20 °С температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 55% болған кезде тиімді. Желімнің кебу уақыты негіздің температурасына, ылғалдылығына және сіңіру қабілетіне байланысты.

Едендік жабындарды жылытылатын тұтастырғыштарға төсеу алдында жылыту кем дегенде 10 күн жұмыс істеуі тиіс. Желімді жағу және кебу кезеңінде негіздің температурасы +18°C деңгейінде ұсталуға тиіс. Температура осы деңгейде жабынды төсегеннен кейін кем дегенде 3 күн ішінде сақталуға тиіс.

Егер ұзақ сақталғаннан кейін желімнің бетінде полимер үлдір пайда болса, оны желімнің негізгі массасымен араластырмай ақырын жою керек.

**Желімнің қалдықтарын кәріз жүйесіне ағызуга болмайды!**

## Сақтау және тасымалдау

Қымтаулы қаптамада, құрғақ салқын жерде - дайындалған күннен 12 айдан асырмай сақтаңыз.

Желімді тасымалдауды және сақтау 0°C төмен емес температурада жүзеге асыру керек.

-20°C төмен емес температурада 5 қысқа мерзімді қатуға (бір аптадан ұзақ емес) дейін рұқсат етіледі.

## ҚАПТАМА

К 188Е желімі 12 кг пластик шелектерде жеткізіледі.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

К 188Е құрамы:	үстемелері бар акрил сополимерлерінің су дисперсиясы
Тығыздығы:	~ 1,15 кг/л
Түсі:	кремді-ақ
Физикалық күйі:	паста
pH-мәні:	6,5-7,5
Төсеген кезде желімді алдын ала кептіру уақыты:	10-20 минут
<ul style="list-style-type: none"> <li>ылғалды желім қабатына</li> <li>адгезиялық және жанаспалы желімдеу кезінде</li> </ul>	30-60 минут
Төсеу кезінде желімнің ашық уақыты:	~ 60 минут
<ul style="list-style-type: none"> <li>ылғалды желім қабатына</li> <li>адгезиялық және жанаспалы желімдеу кезінде</li> </ul>	~ 120 минут
Жүктеме салу мүмкіндігі:	24 сағаттан кейін
Желімдеудің ең жоғары беріктігіне жету:	72 сағаттан кейін
Қабаттануға кедергі:	≥ 1,0 Н/мм
Жылжыған кезде беріктік шегі:	≥ 0,3 Н/мм <sup>2</sup>
Аунақшалардағы орындықтарды пайдалану:	жол беріледі
Тасымалдау және сақтау температурасы:	0-ден + 50°C-ге дейін (-20°C төмен емес температурада 5 қысқа мерзімді қатуға дейін рұқсат
Қолдану температурасы:	+15-тен +30°C дейін
Пайдалану температурасы:	-0-ден +50 °C дейін
Ылғалға төзімділігі:	ылғалға төзімді
Жағу кезінде К 188Е шығыны:	
поролон білікшемен	~ 200 г/м <sup>2</sup>
A2 қалақшасымен	~ 300 г/м <sup>2</sup>
A3 қалақшасымен	~ 250 г/м <sup>2</sup>
A4 қалақшасымен	~ 150 г/м <sup>2</sup>
A5 қалақшасымен	~ 200 г/м <sup>2</sup>